




7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

МАКРОЭКОНОМИКА

Баға деңгейі, инфляция және
дефляция





- Инфляция мен дефляцияның мәні, түрлері
- Неге инфляция мен дефляция проблема болып табылады
- Тұтыну бағасының индексі
- Инфляция деңгейін өлшеу және жоғары инфляцияның жоғары баға деңгейінен айырмашылығы

Сіз алған студенттік несиені өтеу сізге шын мәнінде қаншаға түседі? Зейнетке шыққан сіздің ата-аналарыңыздың жинағына не сатып алуға болады? Жауап келесідей баға деңгейіне, орташа бағалар деңгейіне және ақша құнына байланысты. Бағаның тұрақты өсуі инфляция деп аталады; бағаның тұрақты құлдырауы дефляция деп аталады. Экономисттер ақша құнына қатысты былай дейді: «Кешегі ақша – ол бүгінгі ақша емес, бүгінгі ақша – ол ертеңгі ақша емес, ол – құсызданған ақша». Ақша ол қазір, үгінгі күнмен құнды, сондықтан жинақ жасамас бұрын саралап салыстырып ойланған дұрыс, өйткені қордағы ақшаңызды ұлғайтып отырмасаңыз, оны инфляция жеп қоюы мүмкін, ертең ол ақшаңызға қалаған затыңыздысатып ала алмай қалуыңыз әбден мүмкін.

Біз осы дәрісте инфляция мен дефляция неге проблема екенін түсіндіруден бастаймыз. Содан кейін біз баға деңгейі мен инфляция деңгейін қалай өлшеуге болатынына тоқталамыз.

Неге инфляция мен дефляция проблема

Төмен, тұрақты және күтілетін инфляция немесе дефляция проблема емес, бірақ күтпеген инфляция немесе дефляция кезеңі үлкен проблема мен шығын әкеледі. Күтпеген инфляция немесе дефляция

1. Кірістерді қайта бөледі
2. Байлықты қайта бөледі
3. Нақты ЖІӨ мен жұмыспен қамтуды төмендетеді
4. Ресурстарды өндірістен алшақтатады

Кірісті қайта бөлу жұмысшылар мен жұмыс берушілер табыстарды қайта бөледі, олар бір жыл немесе одан да көп уақытқа созылатын еңбек шарттарына қол қояды. Күтпеген инфляция бағаны көтереді, бірақ жалақыны бірден көтермейді. Жұмысшылардың жағдайы күрт нашарлайды, өйткені олар жалақысына бұрынғыдан азырақ тауар мен қызмет сатып алады, ал жұмыс берушілердің жағдайы жақсарады, себебі олардың табысы өседі.

Күтпеген дефляция кезеңі керісінше әсер етеді. Жалақы төмендемейді, ал баға төмендейді. Жұмысшылар жақсы өмір сүреді, өйткені олардың бекітілген жалақысы өздері есептегеннен артық сатып алады, ал жұмыс берушілерге пайда аз түсіп, жағдайы нашарлайды.

Байлықты қайта бөлу Адамдар ақша түрінде тіркелген қарызға алынған ақшадан процентпен келісілген пайыздық мөлшерлемені төлейтін қарыз шарттарын жасайды. Күтпеген инфляция болған кезде қарыз алушы қарыз берушіге төлейтін ақша бастапқы құндылығына қарағанда аз сатып алады. Қарыз алушы ұтады, қарыз беруші ұтылады. Қарыз бойынша төленген пайыздық өсім кредиторға берілген ақша құнын өтемейді. Күтпеген дефляция кезінде қарыз алушы қарыз берушіге төлейтін ақшаға бастапқыда қарызға берілген ақшадан артығырақ сатып алуға болады. Қарыз алушы ұтылады, қарыз беруші ұтады.

Нақты ЖІӨ-нің және жұмыспен қамтудың төмендеуі Фирмалардың пайдасын арттыратын күтпеген инфляция инвестицияның өсуіне алып келеді, өндіріс жанданады, жұмыс күшіне сұраныс артады. Нақты ЖІӨ әлеуетті ЖІӨ-ден жоғары көтеріледі, ал жұмыссыздық деңгейі табиғи деңгейден төмен түседі. Бірақ бұл уақытша жағдай. Табысты инвестициялар таусылады, ақша жұмсау азаяды, нақты ЖІӨ әлеуетті ЖІӨ-ден төмен түседі, ал жұмыссыздық деңгейі өседі. Осы ауытқуларды өндірісте және жұмыс орындарында болдырмау инфляция деңгейінің күтпеген ауытқуын болдырмауды білдіреді.

Күтпеген дефляцияның нақты ЖІӨ мен жұмыс орындарына үлкен салдары бар. Борышкер, яғни қарыз алушы кәсіпорындар мен үй шаруашылықтарының жағдайлары нашарлап, олар өз шығындарын қысқартады. Жалпы шығындардың қысқаруы рецессияға және жұмыссыздықтың өсуіне әкеледі.

Ресурстарды өндірістен алшақтатады Болжанбаған инфляция немесе дефляция экономиканы казиноға айналдырады және ресурстарды өндірістік қызметтен инфляцияны болжауға алшақтатады. Инфляция немесе дефляция деңгейін дұрыс болжау жаңа өнімді ойлап табудан гөрі тиімді болуы мүмкін. Дәрігер, заңгер, бухгалтер, фермерлер оқыған мамандығы бойынша жұмыс істемей-ақ, жақсы әуесқой экономист, инфляция болжамшысы бола алады. Сөйтіп, өз инвестицияларын басқара алады.

Нашар жағдайда инфляция гиперинфляцияға айналады—инфляция деңгейі айына 50 %-ға немесе одан жоғары өсіп, экономиканы тоқтатады және қоғамның күйреуіне әкеледі. Гиперинфляция сирек кездеседі,



бірақ соңғы жылдары Зимбабве, бірнеше еуропалық елдер, және Латын Америкасы елдері оны бастан кешірді.

Төмен болса да, салдарын болдырмау үшін мемлекет инфляцияға жіті назар аударады, ай сайын баға деңгейін қадағалап және оны дәл өлшеу үшін елеулі ресурстар бөледі. Енді мемлекет мұны қалай істейтінін қарастырайық.

Тұтыну бағасының индексі

Әр ай сайын еңбек статистикасы Бюросы (ЕСБ) ол АҚШ ал бізде Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитеті Тұтыну бағасының индексі (ТБИ) есептей отырып, баға деңгейін өлшейді. Ол – тұтынушылық тауарлар мен қызметтердің тіркелген себетіне қалалық тұтынушылар төлейтін орташа бағалар көрсеткіші. Бұл жерден үйренгеніңіз ТБИ-ді түсінудіңізге және оны өз экономикалық өміріңізде қолдануыңызға көмектеседі. ТБИ қалтаңыздағы ақша құнын сипаттайды.


ТБИ құру

ТБИ құру үш кезеңнен тұрады:

- ТБИ себетін таңдау
- Бағаларға ай сайын тексеру жүргізу
- ТБИ-ді есептеу

ТБИ себеті ТБИ құрудың бірінші кезеңі ТБИ себеті деп аталатын таңдау. Бұл себетте индексте ұсынылған тауарлар мен қызметтер бар, олар салыстырмалы маңыздылығы бойынша өлшенеді. ТБИ себетіндегі элементтердің салыстырмалы маңыздылығын жасау идеясы орта есеппегі үй шаруашылығы бюджетімен бірдей.

Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитеті ТБИ себетін анықтау үшін тұтыну шығындарына тексеру жүргізеді. Бүгінгі ТБИ себеті 2016 жылғы тұтыну шығындарын шолуда жиналған деректерге негізделген.



Келтірілген суретте ТБИ себеті көрсетілген ТБИ себетіндегі элементтердің салыстырмалы маңыздылығын қарау кезінде олардың орта есеппегі үй шаруашылығына қажетті тауарлардың бағасы қолданылатындығы есіңізде болсын. Жеке үй шаруашылықтарының себеттері орта есеппен бөлінген. Сіз не сатып алатыныңыз туралы ойланып, себетіңізді ТБИ себетімен салыстырыңыз.

ТБИ-ді есептеу ТБИ-ді есептеу үшін біз

1. Базалық кезеңдегі баға бойынша ТБИ себетінің құнын табамыз.
2. Ағымдағы кезеңдегі баға бойынша ТБИ себетінің құнын табамыз.
3. Базалық кезең мен ағымдағы кезеңдегі ТБИ-ді есептейміз.



ТБИ себеті орта есеппегі үй шаруашылығы сатып алатын тауарлардан тұрады. Ол негізінен баспанадан (42,6%), көліктен (15,3%) және тамақ өнімдері мен сусындардан (14,7%) тұрады. Қалған барлық тармақтар жалпы соманың 27,4%-ын құрайды.

TABLE 5.1 The CPI:
A Simplified Calculation

(a) The cost of the CPI basket at base-period prices: 2017

CPI basket			Cost of CPI basket
Item	Quantity	Price	
Oranges	10	\$1.00	\$10
Haircuts	5	\$8.00	\$40
Cost of CPI basket at base-period prices			<u>\$50</u>

(b) The cost of the CPI basket at current-period prices: 2018

CPI basket			Cost of CPI basket
Item	Quantity	Price	
Oranges	10	\$2.00	\$20
Haircuts	5	\$10.00	\$50
Cost of CPI basket at current-period prices			<u>\$70</u>

Біз кестеде қарапайым жасанды экономика үшін осы үш қадамды жасаймыз, ол ТБИ себетіндегі сан мен базистік кезеңдегі (2017) және ағымдағы кезеңдегі (2018) бағаларды көрсетеді.

(a) бөлігі базалық кезеңдегі деректерді қамтиды. Осы кезеңде тұтынушылар \$1-ға 10 апельсин сатып алды, \$8-ға бес рет шаш қидырды. Базалық кезең бағасындағы ТБИ себетінің құнын табу үшін ТБИ себетіндегі санды базалық кезең бағасына көбейтіңіз. Апельсин құны \$10 (біреуі \$1-дан), ал шаш қиюдың құны – \$40 (бір рет шаш қию \$8). Сонда базалық кезең бағасы бойынша, ТБИ себетінің құны \$50 (\$10 + \$40).

(b) бөлім ағымдағы кезеңдегі бағалар туралы деректерді қамтиды. Апельсин бағасы \$1-дан \$2-ға дейін өсті, бұл 100%-ға көп — $(\$2 / \$1) * 100 = 200$. Шаш қию бағасы \$8-дан \$10-ға дейін өсті, бұл 25%-ға көп — $(\$10 / \$8) * 100 = 125$.

ТБИ әрбір тауардың бағасын емес, себеттің құнын салыстыру жолымен осы бағаның өсуін орташаландыру тәсілін қамтамасыз етеді. Базалық кезең бағасындағы ТБИ себетінің құнын табу үшін ТБИ себетіндегі санды базалық кезең бағасына көбейтіңіз. Апельсин құны \$20 (\$2-дан10), ал шаш қиюдың құны – \$ 50 (\$10-дан 5) Осылайша, тіркелген ТБИ себетінің жалпы құны ағымдағы кезең бағасымен \$70 (\$20 + \$50) құрайды.

Енді сіз ТБИ-ді есептеу үшін алғашқы екі қадамды жасадыңыз: базалық кезеңдегі және ағымдағы кезеңдегі ТБИ себетінің құнын есептедіңіз. Үшінші кезеңде 2017 және 2018 жылдарға арналған ТБИ-ді іздеу үшін есептелген сандар ғана пайдаланылады.

ТБИ формуласы

ТБИ = ТБИ себетінің ағымдағы бағадағы құны / ТБИ себетінің базалық кезең бағасындағы құны X 100.

Жоғарыдағы кестеде сіз 2017 жылы (базалық кезеңде) ТБИ себетінің құны \$50, ал 2018 жылы – \$70 болғанын анықтадыңыз. Бұл сандарды ТБИ формуласында пайдалансақ, біз 2017 және 2018 жылдар ТБИ-ін таба аламыз. 2017 жылғы ТБИ

2017 жылғы ТБИ = $\$50 / \$50 \times 100 = 100$.

2018 жылғы ТБИ

2018 жылғы ТБИ = $\$70 / \$50 \times 100 = 140$.

ТБИ-дің осы оңайлатылған есебінде қолданылған принциптер ЕСБ ай сайын орындайтын күрделірек есептерге қолданылады.



Инфляция деңгейін өлшеу

ТБИ-дің негізгі мақсаты өмір құны мен ақша құнының өзгерістерін өлшеу. Осы өзгерістерді өлшеу үшін біз инфляция деңгейін ТБИ жылдық пайыздық өзгеріс ретінде есептейміз. Инфляция деңгейін есептеу үшін формула қолданылады:


Инфляция деңгейі = $\frac{\text{биылғы ТБИ} - \text{былтырғы ТБИ}}{\text{былтырғы ТБИ}} \times 100$.

Біз бұл формуланы 2017 жылы инфляция деңгейін есептеу үшін пайдалана аламыз. ТБИ 2017 жылдың маусым айында - 245, ал 2016 жылдың маусым айында - 241 болды. 2017 жылдың маусымына дейінгі инфляция деңгейі

Инфляция деңгейі = $\frac{(245.0 - 241.0)}{241} \times 100 = 1.7\%$.

Жоғары инфляцияның жоғары баға деңгейінен айырмашылығы

FIGURE 5.7 The CPI and the Inflation Rate



Келтірілген суретте АҚШ-тағы 1970-2017 жылдардағы инфляция деңгейі және ТБИ көрсетілген. Сызбаның бұл екі бөлігі өзара байланысты және жоғары инфляция мен жоғары бағалар арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді.

(a) бөліктегі баға деңгейі тез жоғарылаған кезде (1970 -1982 жылдарда), (b) бөліктегі инфляция деңгейі жоғары болады. (a) бөлігінде баға деңгейі баяу жоғарылағанда (1982 жылдан кейін) (b) бөлігінде инфляция деңгейі төмен болады.

Инфляцияның жоғары деңгейі баға деңгейі тез өсіп келе жатқанын білдіреді. Бағаның жоғары деңгейі бағаның тұрақты өсу кезеңін білдіреді.

Бөліктегі баға деңгейі (a) төмендегенде (2009), бөліктегі инфляция деңгейі (b) негатив болады; бұл — дефляция.

Балама баға индекстері

ТБИ баға деңгейінің көптеген балама индекстерінің бірі ғана. ТБИ-дегі мүмкін болатын қателіктердің салдарынан кейбір мақсаттар үшін басқа көрсеткіштер пайдаланылады. Біз ТБИ-дің орнына қолдануға болатын үш баламаны сипаттаймыз. Олардың ТБИ-ден қашан және неге артық болуы мүмкін екендігін түсіндіреміз. Олар мыналар:

- Тізбекті ТБИ
- Жеке тұтынуға арналған шығындар дефляторы
- ЖІӨ дефляторы



Тізбекті ТБИ

Тізбекті ТБИ – ТБИ ағаттығы шығатын көздерді жабады. Оған ерте кезеңнен бастап тіркелген сан емес, кезеңнің ағымдағы және алдыңғы санын пайдалана отырып, жаңа тауарларды ауыстыру мен ығыстыру кіреді.

Орташа алғанда, тізбекті ТБИ стандартты ТБИ-ге қарағанда инфляцияның төмен деңгейін өлшейді. 2000 - 2017 жылдары тізбекті ТБИ өлшеген инфляцияның орташа деңгейі стандартты ТБИ-дан 0,7 пайыздық пунктке ғана төмен болды. Стандарт ТБИ-дікі жылына 2,4 пайыз, тізбекті ТБИ-дікі 1,7 пайыз.

Жеке тұтыну шығындар дефляторы

Жеке тұтыну шығындар дефляторы (немесе ЖТШ дефляторы)- ұлттық табыс шоттарының деректері негізінде есептеледі. Экономикалық талдау бюросы нақты ЖІӨ-ні есептегенде, ол сондай-ақ оның шығындар компоненттерінің нақты мәнін есептейді: нақты тұтыну шығындары, нақты инвестициялар, нақты мемлекеттік шығындар және нақты таза экспорт.

ЖТШ дефляторын есептеу үшін формула қолданылады:

ЖТШ дефляторы = (Номинал С / нақты С) X 100, ол жерде С жеке тұтыну шығыны.

ЖТШ дефляторына қосылған тауарлар мен қызметтер себеті ТБИ-ге қарағанда кең, өйткені ол әдеттегі қалалық отбасы сатып алатын тауарлар ғана емес, барлық тұтыну шығындарын қамтиды

ЖТШ мен ТБИ дефляторы арасында айырмашылық аз. 2000 жылдан бастап ЖТШ дефляторымен өлшенетін инфляция деңгейі жылына 1,9%-ды құрайды, бұл ТБИ инфляция деңгейінен 0,5 пайыздық тармаққа төмен.

ЖІӨ дефляторы

ЖІӨ дефляторы бөлігі саналатын барлық тауарлар мен қызметтерді қоспағанда, ЖТШ дефляторына сәл ұқсас. Бұл тұтыну, инвестиция, мемлекеттік шығындар және таза экспорт мәндерінің баға индексі.

ЖІӨ дефляторы = Номинал ЖІӨ / нақты ЖІӨ X 100.

Бұл неғұрлым кең баға индексі макроэкономика үшін қолайлы, өйткені ол ЖІӨ тауарлары мен қызметтерінің нақты себеті құнының бәрін қамтитын көрсеткіші.

2000 жылдан бастап ЖІӨ дефляторы орташа есеппен жылына 2,0%-ға өсті, бұл ТБИ инфляция деңгейінен 0,4 пайыздық тармаққа төмен.

Сонымен дәрістегі негізгі ойларды қорытындылайтын болсақ:

Инфляция дегеніміз – баға деңгейінің тұрақты көтерілуі салдарынан ақшаның құнсыздануы.

Инфляция мынадай себептерден туындайды:

- мемлекеттік бюджеттің тапшылығы және оларды жабу үшін қағаз ақшаларды шығару;
- мемлекеттің өндірістік емес шығындарының артуы;
- тауар тапшылығының негізінде бағаның өсуі;
- кейбір өндірушілердің монополиялық жағдайда болуы;
- жалақының еңбек өнімділігі өсуінен алшақтығы.

Бұл себептер мемлекеттік тапшылықтың тұрақты ұдайы өндірілуін және артық ақша эмиссиясының пайда болуына алып келеді.

Инфляцияның бірнеше түрі бар. Бағаның жылдық өсу қарқынына қарай оны төмендегідей үш түрге бөлуге болады:

- баяу инфляция – ақшаның жылына 10%-ға құнсыздануы;
- қарқынды инфляция – кезінде баға жылына 20% - 200% -ға дейін өседі.
- ұшқыр инфляция(гиперинфляция) – кезінде айналымдағы ақша саны мен баға жылына 500% - 1000% - ға өседі.

Сонымен қатар нарықта болатын инфляциялық тепе-теңдік нысандарына байланысты инфляция типтерін ашық және басылыңқы деп бөлеміз.

Ашық инфляция – бағаның өсуі және ұлттық валюта курсының төмендеуі арқылы көрінеді.

Басылыңқы инфляция – өнім сапасының төмендеуінен, ақшаның жиналуымен, экономикалық



тапшылықтың өсуінен көрінеді. Оны кейде жасырын инфляция деп те атайды.

Сұраныс пен ұсынысқа байланысты инфляция екі типке бөлінеді:

1. Сұраныс инфляциясы – монетарлық (ақшалық) факторлармен сипатталады (ақша эмиссиясы, мемлекеттік бюджет тапшылығы, халықтың болжамы).
2. Ұсыныс инфляциясын шығындар инфляциясы деп атайды. Бұл өндіріс шығындарының өсуімен байланысты бағаның өсуі. Мұның салдары жалақының өсуіне әкеледі және шикізатқа бағаны көтереді.

Инфляцияның салдары мынадай жағдайларға әкеп соғады:

- инфляцияның жоғары қарқыны және баға құрылымының күрт өзгеруі фирмалар мен үй шаруашылығын жоспарлауды қиындата түседі;
- қоғамның саяси тұрақтылығы төмендеп, әлеуметтік шиеленіс өседі;
- тұрақтылығы жоғары шет ел валютасына сұраныс өседі;
- мемлекеттік бюджет құрылымы өзгереді және оның нақты табыстары төмендейді;
- инфляцияның жоғары дәрежесі жұмыссыздықпен ұштасады.